



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

жизни людей; сосредоточение на проблемах равенства, развития, мира.

Политика – это как работа. В ней как среди мужчин, так среди женщин встречаются профессионалы и дилетанты. Любой может допустить ошибки, там и там есть недальновидные политики, принимающие неправильные решения.

Сейчас наиболее актуальным и востребованным вопросом является, нужны ли женщины в политике. Чтобы ответить на ключевой вопрос необходимо обратиться к результатам исследования женщин как политиков.

«Женщины обладают большей нравственной силой, у них более высокие этические нормы и особая способность устанавливать и поддерживать хорошие отношения с людьми, т.е. все качества настоящего политического деятеля» (Гарвардский университет, США)⁶.

Мировой опыт парламентаризма показал, что если в законодательном органе меньше 10% мест принадлежит женщинам, то это затрудняет принятие законов в защиту детей. Проведенные различными международными центрами и институтами исследования свидетельствуют: участие женщин в управлении на всех уровнях - фактор стабилизирующий. Там, где женщины составляют 30-40% в структурах власти, общество развивается более стабильно, оно социально ориентировано.

Таким образом, женщины нужны во власти, поскольку они объективно выступают как катализаторы перемен. Кроме того, партнерство мужчин и женщин в политике является источником более полной и представительной демократии, поскольку создаются реальные возможности учета многополюсных интересов в обществе.

Список использованных источников:

1. У.Д. Дюрانت «История цивилизаций» ч. 1, т. 3, С. 119
2. Е.М. Зуйкова, Р.И. Ерусланова «Феминология и гендерная политика»
3. Ж.А. Кондорсе «Эскиз исторической картины прогресса человеческого разума», 1936. – С. 246.
4. www.base.ijc.ru
5. Politics & Gender, American Political Science Association, Декабрь 2013 г.
6. www.politicalmind.ru

УДК327.7(5-191.2)

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІМЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ АЯСЫНДА ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ НЫҒАЮЫ

Токпанова Гүлмира Мұратқызы

tokpanovag@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану
кафедрасының 3курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі -Ахмет Ә.С.

Қоғамның индустриалды кезеңнен кейінгі дамуында энергетикалық қауіпсіздік мәселесі аса маңызды болып табылады. Ол, әсіресе, экономикасы индустриалды дамыған Еуропа елдері үшін өмірлік мәселелердің бірі. Үшінші сектордың барынша дамуына қарамастан, ол өнеркәсіптің дамуын түбегейлі шеше алмайды. Тіпті әлеуметтік инфрақұрылым нысандарымен қатар ғылымды қажет ететін инновациялық өнеркәсіптің өзі энергоресурстармен толассыз қамтамасыз етілуге мұқтаж.

Энергияға бай және энергиясы тапшы елдердің арасындағы жасырын (көлеңкелі) соғыс мемлекеттік мүдделердің өзара келісу қажеттілігіне әкеп отыр. Энергетикалық ресурстардың жаһандық нарығы қарама-қарсы үдерістерді бастан кешіп отырғандықтан, мемлекеттік энергетикалық саясатты жүргізуде қай мемлекетке болмасын, тұрақты ұзақ мерзімді курс қалыптандырып алу өте күрделі.

Бұған басты энергетикалық акторлармен өзара қатынас қалыптастыруды танытатын, бірақ қолда бар энергетикалық ағын мен жаңа бағыттардың дамуының тұрақты жұмыс жүргізуі үшін өзара әрекеттестіктің ұдайы нығаюына тәуелді болып отырған Еуроодақтың саясатын мысал ретінде келтіруге болады.

М. Базедау мен Р. Каппеляның пайымдауынша, 2035 жылы әлемде мұнай шығару әлемдік сұранысты қамтамасыз ете алмайды [1, 277-б.]. Көмірсутегінің орнына энергияның балама негіздері алына бастайды, ол технологияның жетілдірілмегендігінен және өте қымбат тұратындығы салдарынан толыққанды пайдаланыла алмайды [2].

Болжам бойынша энергия ресурстарын әлемдік тұтынушылық жақын 15-20 жылда 45 %-ға дейін өседі. 2025 жылға қарай мұнайға деген әлемдік сұраныс күніне 35 млн. баррельге, ал газға деген сұраныс жылына 1,7 трлн. текше метрге өседі.

Мұнайдың негізгі қоры Таяу Шығыс елдерінде, Ресейде және Орталық Азия елдерінде (мұнай қорының жалпы мөлшері 2009 жылы 94% болған) шоғырланғандықтан, В. Бушуевтың пікірінше, Еуропа мен Азияның басқа елдерінде мұнай қоры бар болғаны 6%-ға тең келеді.

Ал газға келер болсақ, оның басты қоры Ресейде, Таяу Шығыс елдерінде шоғырланған (87%-ды құрайды). Энергиясы тапшы елдер газдың дүниежүзілік жалпы қорының бар болғаны 13%-ына ғана ие екен.

Қазірде энергиямен қамтамасыз ету жүйесінің өзара тәуелділігі соншалықты, оны пайдаланудағы болмашы қателіктің өзі энергия нарығы ойыншыларының қай-қайсысына да айтарлықтай зардабын тигізеді сөзсіз.

Қытай мен Үндістан секілді жаңа акторлардың пайда болуы әлемдік экономикалық көшбасшылықты сақтап қалу үшін бәсекеге қабілетті тетіктерді дамыту мақсатында Еуропа мемлекеттерінің энергетикалық стратегиясын сапалы түрде қайта қарауды талап етеді. Қауіпсіздіктің толыққандылығы үшін мемлекетішілік мәселелерді, сол секілді сыртқы әріптестер арасындағы мәселелерді де реттеу қажет. А. Кокошинның көзқарасынша, бұл сынды мәселелерді шешу энергетика саласының тым аса саясаттандырылуы салдарынан шиеленісіп кеткен [3, 43-б.]. Сондай-ақ, әлеуметтік-саяси шиеленіс, дағдарыстармен қатар энергетикалық қауіпсіздік мәселелерінің бірі болып табылатын құн секілді күрделі факторды да есепке алған жөн, себебі ол мемлекет экономикасы үшін шығынның төмендеуін көрсетеді. Жаһандық сипаттағы тәуекелдерді азайту мақсатында энергетикалық қауіпсіздікті жеңіп шығудың халықаралық амал-жолдарын құрудың дұрыстығы көп айтылуда. Себебі өндіруші мемлекеттерде ол энерготиімділік технологиясын жеткізу қоры ретінде қаралады.

Өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің барлығы жеткізілімді әртараптандыру, энергетикалық ресурстарды импорттау, энергоресурстарды жеткізуді азайту және энергия тасымалдауды бағалау құбылмалылығының ең төменгі деңгейіне жету секілді 4 ұстанымға негіздей отырып, өздерінің энергетикалық бағдарламаларын құрады [4].

Осы аталған ұстанымдарды бөліп ала отырып, энергетикалық қауіпсіздіктің өзара тәуелді елдердің энергетикалық ресурстарын тұтынушылар мен жеткізушілердің жауапкершіліктеріне байланысты болатындығын атап өткен орынды. Энергетикалық ресурстарды жеткізушілердің арасындағы бәсекелестік факторын есепке ала отырып, отын-энергетикалық тепе-теңдік пен дерекқорларды әртараптандырудың құрылымын ақырындап өзгерту ең негізгі мәселенің бірі болып табылады. Энергетикалық қауіпсіздіктің жаһандық жүйесінің тағы бір мәселесі ретінде жаһандық теңгерімді энергетикалық әлеуетті басқаруға өкілеттілігін берген мемлекеттердің энергетикалық саясатын саясатсыздандыруға тыйым салудағы күтпеген шиеленістер саналады. Мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігінің жаһандық сипаты бар, сондықтан ол жаһандану проблемасы ретінде танылады және әлемнің экономикалық және гуманитарлық дамуы негізінің бірі болып табылады. Энергоресурстың бірыңғай жаһандық нарығы аясындағы жаңа технологияларды өңдеп шығаруда тұрақты инвестиция энергетикалық қауіпсіздіктің бір бөлігі болып танылады.

Энергетикалық қауіпсіздік – мемлекетаралық қарым-қатынастың бір бөлігі ғана, ол мынадай он басты ұстанымнан тұрады: 1) жеткізілімді әртараптандыру, 2) әлемдегі мұнай

нарығының бірін тану, мойындау, 3) айырма, яғни жеткізілімдерді бүлдірген немесе жеткізбеген жағдайда олардың орнын толтыратындай қосымша ресурстар мен қорлардың болуы, 4) сыртқы жағдайлардағы икемділіктің болмауы, 5) энергоресурстарды өндірушілер мен тұтынушылардың арасында өзара тәуелді, сыйлас серіктестердің болуы, 6) Үндістан мен Қытай секілді жаңа өнім нарығына ие елдермен серіктестікті нығайту, 7) өзара тәуелділіктің өсуі өнімді жеткізуде барлық мүдделі тараптың қауіпсіздігін талап етеді, 8) жеткізілім тізіміндегі елдерде мониторинг пен жағдаяттарды үйлестіру үшін Ішкі Істер органдары мен Ұлттық Қауіпсіздік құрылымдарының бірлескен жұмыстары мен өзара ақпарат алмасулары, 9) мемлекеттің тиімді жұмыс істейтін энергетика саласы энергетикалық қауіпсіздіктің негізі болып табылады, 10) зерттеу жүргізуге, инновация жасауға деген бейілділік.

Түйіндей келгенде, энергетикалық қауіпсіздік мемлекеттің саяси құралы мен тұрақты дамуын кепілге қоя отырып, дамудың бірнеше сатысынан өтеді деген қорытынды жасауға болады.

Дегенмен, энергетикалық қауіпсіздік ұғымының қалыптасуы күні бүгінге дейін ғылыми пікірталас алаңынан түспей келеді. Бірқатар сарапшылар энергетикалық қауіпсіздікті тұрғындарды қорғау, мемлекет экономикасын сыртқы қатерден қорғау, энергетикалық тапшылықтан қорғау деп түсінсе, ал енді біреулері мемлекет пен дүниежүзілік қауымдастықтың тұрақты дамуы үшін энергияның әр түрін қамтамасыз етуде экономикалық жағынан тиімді әрі ұзақ мерзімді деп таниды [5]. Үшінші бір сарапшылар жеткізушілер мен тұтынушылар және транзиттік топтар арасындағы энергетикалық ресурстар үшін болатын шиеленістерден сақтап қалады, екінші жағынан, бұл энергетикалық ресурстарға деген қолжетімділікті кеңейтеді деп түсінеді. Пікірлердің бұлай әртүрлі болып келуі мемлекеттің өз энергетикалық және инфрақұрылымдық әлеуетін, сондай-ақ энергоресурстарының экономикалық жағынан қолжетімділігін таныта отырып, өзін қай топқа жатқызатындығымен байланысты болып шығады.

Дүниежүзілік энергетикалық кеңес оны белгілі бір нақты экономикалық жағдаятта қажетті мөлшердегі сапалы энергияның болуына сенімділік деп таниды. Ол кезде халықаралық энергетикалық агенттік адекватты жеткізілімге тиімді бағамен маңыз бере қарады [6]. Қазақстанда энергетикалық қауіпсіздік экономикалық және ұлттық қауіпсіздіктің бөлінбес бір бөлшегі болып табылады.

Егер елдің энергия қоры 90 күнге есептелінген болса, онда кез келген мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі қамтамасыздандырылған болып саналады. ЕО елдеріне энергетиканы жеткізудің басты көзі болып табылатын Таяу Шығыстағы жағдайдың ушығуы күн тәртібіне өнімді жеткізудің балама аймақтарын іздестіру мәселесін қойып отыр.

Ресеймен өзара қарым-қатынас 2014 жылдан кейін жақсармай келеді, ол Еуропалық одаққа қысымның басты иіні ретінде бірнеше рет «газ» мәселесін қойды. Бұл ретте географиялық қашықтығына және сауда-экономикалық қатынасының тарлығына қарамастан, Орталық-Азия аймақтарымен ынтымақтастықты нығайту ЕО-тың энергетикалық қауіпсіздігін нығайтудың маңызды бағыты болып табылады. Инвестициялар мен технологиялардың кіруіне мұқтаж болып отырған Орталық Азия да ынтымақтастықты кеңейту үшін бар қамын жасайды.

ЕО-тың ықпалды күшінің Ресей мен Қытай, сондай-ақ АҚШ пен Иран тараптарынан қарсылық тауып отырғандығы сөзсіз. Алайда Орталық Азия мемлекеттері энергия ағынын әртараптандырудың қажеттілігін түсінеді. Бір мемлекеттің не болмаса бір бағыттың экспорт тәуелділігі экономикалық және геосаяси көзқарас тұрғысынан алып қарағанда өте қымбатқа түседі. Сонымен бірге іске асырылуы тиіс жоспарларға ішкі және сыртқы факторлар кедергі келтіруі де мүмкін. Бір жағынан, мұнай-газ құбырларының қажетті инфрақұрылымы болмаса, екінші жағынан, сыртқы күштердің қарсылығы күшейе түсуде.

Брюссель 90-жылдардың өзінде мұнай-газ өнеркәсібіндегі ынтымақтасты нығайтуға және ресейлік энергия тұтынушыларынан Еуропаның тәуелділігін азайтуға бағытталған INOGATE бағдарламасын әзірлеген болатын. Орталық Азиядағы Еуропалық Одақтың басты мүддесі энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету еді. Қырымдағы жағдайдың ушығуына,

Украинадағы шешімін таппай отырған шиеленістердің күрделенуіне және РФ қарым-қатынасындағы санкцияның енуіне байланысты ЕО-тың Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық жасауы аса маңызды өмірлік мәселе болып отыр.

Брюссель 2000 жылы Энергетикалық хартия қабылдады. Бұл 90-жылдар мен 2000-жылдардың басындағы ЕО-тың құрылымдық-институционалды дағдарысына қарамастан, еуропалық мемлекеттердің Одақтың дамуын анықтайтын басымдықтарда бір екендіктерін танытады. Сол себепті де соңғы кезде ЕО пен Орталық Азия елдері арасында өтіп жатқан гуманитарлық саладағы серіктестіктің белсенділік танытып отырғандығы таңқаларлық жайт емес. Еуропалық Одақтың жаңа бірыңғай энергетикалық саясаты қалыптасты.

Энергетикалық және транспорттық секторлар қатынасындағы ынтымақтастық Орталық Азия мемлекеттерінің өзара бір-бірімен және халықаралық нарықтармен, дәліздермен ары қарай интеграция жасайды деп күтеді. ЕО оңтүстік энергетикалық дәліз бен көп қырлы энергетикалық бастамаларды кеңейту саясатын жалғастыра түседі. Ол Орталық Азиядағы энергетика мен жаңартылған энерготиімділікті дамытуға, оның ішінде транспорт түрлеріндегі қауіпсіздікті, күзетті, тазалықты сақтауды жолға қою үшін энергия тарифінде көрсетілген құнды іске асыруға және Еуропа – Кавказ – Орталық Азия елдерінің барлық транспорт дәлізіндегі байланыстарды жүзеге асыруға қолдау көрсетуге қашан да дайын. Орталық Азиямен жүргізілетін энергетикалық және транспорттық диалог «Көршілер» бағдарламасындағы бастамаларға сәйкес жүзеге асырылатын болады. Еуропалық Одақ пен Орталық Азия энергетикалық қауіпсіздікті нығайтуға деген басты мүддені жаһандық қауіпсіздіктің маңызды аспектісі ретінде бөліп қарайды.

Мұнай мен газ ресурстарын дамытудың нәтижесінде Орталық Азия елдерінің рөлі энергия және транзитті газ құбырын өндіруші ретінде күшейе түсті. Мұнай мен газ кен орындарын өңдеуді көбейту әлемдік нарыққа жеткізудің жолдарын жақсартуға көмектеседі әрі шетелдік инвесторлардың сеніміне кіріп, әртараптандыруға ықпалдасады. ЕО үшін аталмыш аймақтан газ жеткізу өте маңызды.

Демек, жақын уақыт аралығында ортақ мүдделер мен өзара әрекеттестікке негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың басты элементтерін айқындауға болады. ЕО мүдделі өзге де серіктестермен бірге ресурстарды өңдеп, оны тасымалдау мәселесін талдап, саралауға дайын. Еуропалық Одақ Орталық Азия мемлекеттері үшін тиімді серіктес, сондықтан инвестицияға деген нарықтық ашық та тұрақты, әділ жол энергия тұтынушылардың бәріне тиімді баға ұсынып, мүдделі елдердің барлығына айтарлықтай мүмкіндік жасауға кепілдік береді. Осы айтылған жайттарға сүйене отырып, ЕО Бакин бастамасы аясында Орталық Азия елдерімен кеңейтілген энергетикалық диалогты ұдайы жүргізуде. Еуропалық Одақтың қызметі энергетикалық мәселе жөніндегі Энергетикалық хартия мен екі жақты өзара түсіністік Меморандумында да негізделеді.

ЕО жаңа мұнай, газ және су энергетикалық ресурстарын өңдеуді қолдауға ұмтылады. Одақ энергиямен жабдықтау қауіпсіздігі мақсатында құбыр желістері мен транспорт желістерін қосымша дамытуды қолдайды. Осылайша ол аймақтық энергетикалық қауіпсіздік пен ынтымақтастыққа өз үлесін қосады және Орталық Азия өндірушілері үшін экспорт нарығын кеңейтуге мүмкіндік туғызады. Еуропалық серіктестер, сонымен қатар, «Каспий теңізі – Қара теңіз – ЕО» жаңа энергетикалық транспорт дәлізін дамытуда Орталық Азия елдеріне көмектесіп, саяси жағынан қолдау көрсетеді.

Орталық Азияға деген қызығушылық сыртқы ойыншыларға не береді? Аймақ 2 үлкен артықшылыққа ие, олар – аймақтың Еуропа мен Азияның арасында орналасқан геосаяси жағы және географиялық ұтымдылығы. Сондай-ақ, көптеген отандық және шетелдік сарапшылардың пікірінше, аймақ энергия тасымалдаушылар үшін орасан зор қор мен басқа да табиғи жер асты байлықтарына бай. Сарапшылардың алдын-ала бағалауы бойынша, Орталық Азиядағы мұнай мен газ қорлары әлемдік қордың 8%-5%-ын құрайды. Зерттеушілер бұл мәліметке ыңғайлы өткізу нарығын, өте арзан әрі жоғары кәсіби жұмысшы күшін, рекреациялық әлеуетін, саяси және әскери қатынастардың қамтамасыз етілгендігін, Ауғанстанға, сондай-ақ Иранға және стратегиялық жағынан аса маңызды аймақ – Кавказға

шығудың күрделі аймақтық үдерістеріне деген қызығушылықты қосады.

Көмірсутегін тасымалдаудағы энергетикалық тасымал бағыттарын әртараптандыру мәселесі аймақтың күллі елдері үшін өте маңызды болып отыр, тіпті бұл мәселе Қырғызстан мен Тәжікстан секілді көмірсутегі тасымалы жоқ елдер үшін де өзекті. Бірыңғай еуропалық энергетикалық жүйе идеясы мен энергетикалық қауіпсіздік стратегиясын табысты жүзеге асырудың нәтижесінде ЕО пен ОАА елдері өздерінің энергоресурстарына сенімді де тұрақты әрі дәулетті, бай тұтынушыларды тартуы мүмкін. Аталмыш жүйеде Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан транзитті елдердің рөлін ойнаса, Қазақстан мен Түркіменстан басты транзитті дәліздің «ресурс орталықтары» ретінде қарастырылады.

Бұл мәселеде Еуропалық Одақ аймаққа деген өз ыңғайын өзгертеді. ЕО бұрын аймақты бірыңғай тұтастық ретінде қарастырды. Аймақтың барлық бес елінің саяси және экономикалық әлеуеті әртүрлі, олардың стратегиялары да өзгеше болғандықтан, аталмыш амал-тәсіл аса тиімді болмаған еді. Ал соңғы жылдары саяси байланыста, сондай-ақ, экономикалық қарым-қатынаста да, оның ішінде әртүрлі салада жүргізіліп жатқан жоғары деңгейдегі тұрақты диалогтар айтарлықтай қарқын алған. ЕО Орталық Азия мемлекеттеріне қаржылық қолдаудың бюджетін екі есе өсірді.

2013 жылға дейін Набукко басты еуропалық энергетикалық жоба болып келді, ол бойынша газ Түркіменстан мен Әзірбайжаннан, ұзақ мерзімді болашақта Қазақстаннан Ресейді айналып өтіп, Еуропаға баруы тиіс еді. Осылайша ЕО-та энергия тасымалдаушылардың импорттарын әртараптандыру үшін прецедент құрып алып, ресейлік «Оңтүстік ағынға» нақты бәсекелес болуы керек еді.

Алайда Набукко бағдарламасы іске асырылмады, оның өзіндік бірқатар себебі бар. Біріншіден, Әзірбайжандағы газ кен орнын өндеуге қатысатын компаниялар бірлестігі Әзірбайжан газын Набукко арқылы емес, Трансадриат құбыр желісі (ТҚЖ) арқылы тасымалдаймыз деп шешті. Екіншіден, Набукконы іске асыру аса қомақты қаражатты талап етті, себебі Орталық Азия республикаларының ұстанымы бойынша еуропалық тарапты түгелдей жауып тастау керек болатын. Үшіншіден, Каспий теңізі мәртебесінің айқындалмауы бөгет болды. Және, төртіншіден, Болгарияның ұстанымы салдарынан, Украинадағы дағдарыс пен Ресейге қарсы жасалған санкциялардың кесірінен ресейлік «Оңтүстік ағын» жобасы жабылып қалды (ол Набуккоға қарсы әзірленген еді).

Бүгінгі таңда Еуропалық Одақ энергоресурстарды Түркменстаннан Каспий теңізі арқылы Әзірбайжанға, одан әрі Түркия мен Еуропаға жеткізу үшін Транскаспий құбыр желісі жобасын жүзеге асыруға қызығушылық танытуда. Аталмыш жоба бойынша жүргізілетін келіссөздер 2011 жылы басталды. Мұндағы мәселе тағы да Каспий теңізі мәртебесінің шешілмегендігінде болып отыр. Ресей тарапы Каспий теңізінің түбінен газ жеткізу үшін 5 Каспий маңы мемлекеттерінің келісімі қажет деп санайды, ал Түркіменстан жобаға қатысатын Түркіменстан мен Әзірбайжанның ғана келісімі болса жетеді деп табады.

2015 жылдың наурызында энергетикалық одақ жөніндегі Еурокомиссияның вице-президенті Марош Шефчович Түркіменстан газын Әзірбайжан арқылы жеткізу үшін техникалық және құқықтық база құруға ниетті екендіктерін мәлімдеді. Орталық Азия әлемдік ірі көмірсутегін өндіруші болмағандықтан, оның үстіне Еуроодақтан географиялық жағынан алыс жатқандықтан, ЕО Брюссельді мұнай мен газды көмекші жеткізуші ретінде қарайды, себебі оның сырттан көмірсутегі шикізатын жеткізуді әртараптандыруға мүмкіндігі толық жетеді.

Егер Еуропалық Одақ Орталық Азия елдерінен көмірсутегін тікелей тасымалдайтын болса, онда ол үш үлкен артықшылыққа ие болады: 1) табиғи газды Ресейдің сатып отырған бағасынан анағұрлым арзанға сатып ала алады (жаңа құбыр желісі арқылы Түркіменстаннан келетін газ Сібір мен Арктика кен орындарынан келетіндермен салыстырғанда, әлдеқайда арзанға түседі); 2) жеткізілімді әртараптандыру – энергетикалық қауіпсіздіктің ең негізгі ұстанымы; 3) Еуропа Орталық Азия өндірушілері энергоресурсының Газ өндірушілерге тәуелділігін кемітер еді әрі өзі де Ресейге тәуелді болмас еді. Бұл жайт Еуропаны соңғы кездегі Ресей тарапының энергетикалық бопсалауынан құтылдырар еді.

ЕО пен Орталық Азия елдерінің энергетика саласындағы ынтымақтастық жолдары:

- Инвестиция саласында мұнай-газ еуропалық компанияларының қызметін әртараптандыру (көмірсутегін қайта өңдеуге бағытталған жобалар басымдық алуы тиіс);
- ОАА елдері аумағында мұнай мен газды қайта өңдеумен айналысатын бірлескен кәсіпорындар құру;
- Газды газ кен орындарына жақын жерлерде тереңірек қайта өңдеу үшін газ-химия кәсіпорындарын құру;
- Атом саласымен тығыз байланыс орнату болып табылады.

Сонымен, Еуропаның Орталық Азия елдерімен қарым-қатынастарын нығайту стратегиясы өз энергетикалық нарығын еркін қолжетімділікке жеткізуге бағытталған. Дегенмен, аймақтың дүниежүзілік энергетика нарығында күшті де айтарлықтай мәнге ие мемлекеті жоқ. Орталық Азияның энергетика нарығының берік ұстанымға жетуі үшін Еуропаның көп күш жұмсауына тура келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Basedau M., Kappel R. Erdoelpreis, Macht und Politik in Erdoelstaaten – ein Vergleich, Machtquelle Erdoel: die Aussen-, Innen- und Wirtschaftspolitik von Erdoelstaaten. - 2011.
2. Trilateral Cooperation in the 21 century. First Summary report of the Trialogue 21 Initiative. East West Institute, Nov. 2009, edited by Piin Fen Kok // <http://issuu.com/ewipublication>.
3. Губайдуллина М., Елибаева А. К вопросу о системе энергетической безопасности и ее основных рисков // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. - 2010. – № 3-4.-47-48 с.
4. Лукшин Б.С. Концептуальные основы и угрозы энергетической безопасности государства в современных условиях критерий их оценки //Электр. журнал Россия и Америка в XXI веке // <http://www.rusus.ru>.
5. Блохина А.Д. Геополитическая ситуация в Каспийском регионе: проблемы энергетической безопасности // <http://www.centrasia.ru/news>.
6. Перспективы энергетических технологий. В поддержку Плана действий «Группы восьми». Сценарии и стратегии до 2050 г. ОЭСР / МЭА. –М., 2007. - 586 с. // <https://www.iea.org/publications/freepublications>.

УДК 06.044.2 (623.454.81)

ДОНАЛЬД ТРАМП И БУДУЩЕЕ АМЕРИКАНСКОГО ЯДЕРНОГО ОРУЖИЯ

Шенин Андрей Сергеевич

Shenin.andrei@gmail.com

Факультет международных отношений.

Доцент кафедры регионоведения ЕНУ им. Л.Н.Гумилева,

Астана, Казахстан

Саратовский Государственный Университет им.Чернышевского,

г.Саратов, РФ

Для США вопрос ядерного оружия и его нераспространения был и остается одним из ключевых приоритетов во внешней политике и национальной безопасности. Начиная со времен Холодной войны и начала реализации программы Совместного сокращения угрозы (Нанна-Лугара), американский истеблишмент активно обсуждал роль ядерного оружия в системе национальной безопасности США в качестве средства сдерживания ядерной угрозы, а также инструмента внешней политики в виде «ядерного зонтика» для защиты своих союзников в Европе и Азии.

В 1963 г. президент Джон Кеннеди предсказывал, что к 1975 г. в мире будет от 10 до 20 ядерных государств, а в 2004-2005 гг. офис сенатора Ричарда Лугара опубликовал отчет, в